

Ақкемер ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы №47 "Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі Ақкемер, Көктөбе, Елек ауылдарының атаусыз көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 39 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 желтоқсанда № 4109 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабына сәйкес Ақкемер ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақкемер ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 47 «Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі Ақкемер, Көктөбе, Елек ауылдарының атаусыз көшелеріне атау беру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-9-162 болып тіркелген, 2012 жылғы 9 ақпанда аудандық «Мұғалжар» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:
шешімнің орыс тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтіні бойынша «аулов», «аульного», «ауле» сөздері «сел», «сельского», «селе» сөздерімен ауыстырылсын.
2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақкемер ауылдық округінің әкімі

Т.Өтемұратов